

«12. Акциздік қосынның қызметкері Жеткізуші мен Алушының хабарламаларында көрсетілген мәліметтердің осы Ережелердің 4-тармағына сәйкес Алушы тапсырған мәліметтерге өзара сәйкестігін, сондай-ақ автоцистернаның метрологиялық салыстырып тексеру актісін (этил спиртінің

құбырмен тасымалдануынан басқа жағдайларда) тексеруі керек және олар сәйкес келген жағдайда этил спиртін сатуға қатысады.»;

17-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«17. Этил спирті сақталатын спирт қоймасы резервуарларының қол жететін жерлері күн сайын сағат 17-ден таңғы сағат 10-ға дейін, сондай-ақ сенбі, жексенбі және мереке күндері жабылып, оны акциздік қосынның қызметкері Жеткізуші қызметкерінің қатысуымен пломбалауы керек.»;

22-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«22. Жеткізуші және Алушы этил спиртін сатуға тыйым салу туралы шешімге байланысты Басқарма және акциздік қосынның әрекетіне Комитетке немесе сот органдарына шағым жасауға құқылы.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Салық комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Жәмішев*